



Астана қаласының
мәдени мұрасы

Культурное наследие города Астаны

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

ISSN 2311-8199



№6/2014
шілде/июль



Рухы биік халықтың іргесі берік!

Н.Назарбаев

ҚР Ұлттық музейдің ресми ашылуында
Елбасы Түркістаннан арнайы
өкелінген қыш кітапқа осы тілекті жазды.





● ДҮНИЕДЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІ БАР ● ӘЛЕМДЕ ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН БАР ●



● ОНЫҢ КӨП ҰЛТТЫ, ТАТУ, ЫНТЫМАҚШЫЛ ХАЛҚЫ БАР ●

Н.Назарбаев



Құрылтайшы: «Атамекен» Қазақстан Картасы»
этно-мемориалдық кешені» МКҚК
ИКОМ Халықаралық Мұражайлар Одағы Ұлттық
комитетінің президенті Ү. Д. Мұңалбаева

Редакция алқасы:

Б. Б. Мажагулов	Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы
Ә. У. Тарази	Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
А. К. Кекілбаев	Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Н. Т. Айт	С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының директоры
А. Р. Умиршина	Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры
Б. Г. Аяған	Астана қаласы тарих институтының директоры
А. Ш. Нұразхан	Алтын және бағалы металдары мемлекеттік мұражайының директоры
Ә. Е. Өтегенова	ЮНЕСКО және ИСЕКО істері жөніндегі бас-хатшысы
Б. Ж. Жүнісбеков	Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры
Н. В. Шиврина	Астана қаласы қазіргі заман мұражайының директоры
Б. К. Оразымбетова	ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

Выходные данные журнала

Республиканский научно-познавательный журнал
«Астана қаласының мәдени мұрасы» - «Культурное наследие
города Астаны» № 6/2014 г.
Издается с марта 2014 года
Периодичность – один раз в месяц
Журнал выпускается при содействии Министерства культуры и
информации РК, Управления культуры
акимата города Астаны.
Учредитель и издатель ГККП «Этно-мемориальный комплекс
«Карта Казахстана «Атамекен» акимата города Астаны

Почтовый адрес редакции: 010000, Астана,
Кургальджинское шоссе, 2/1
тел.: +7 (7172) 24-31-72
www.atamekenmap.kz, e-mail: atameken2011@mail.ru

Формат 18,5x28,7
Бумага мелованная двусторонняя, плотность на 130 г/м²
Обложка формата А4 плотность 250 г/м²
Заказ № 6

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство № 14225-Ж от 4 марта 2014 г.
Мнение авторов материалов может не совпадать с позицией
редакции. За точность публикуемых сведений
и цитат ответственность несут авторы материалов. Редакция
оставляет за собой право редактировать материалы.
Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи.
Журнал отпечатан в собственной типографии.
Тираж 1000 экз.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ГОРОДА АСТАНЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

- | | |
|----|---|
| 4 | Елбасының жасампаз жолы немесе Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті |
| 8 | Ұлттық музей ұлт – мұраты |
| 11 | Бас редактор бағаны |
| 12 | ЮНЕСКО идеясы |
| 14 | Идеалы ЮНЕСКО как вечная ценность |
| 16 | Мәңгілік ел жолында |
| 19 | Мемлекеттік туды көтеру |
| 20 | «Астана Опера» - мечты сбываются |
| 22 | Әлем – сұлулықтың жаршысы |
| 24 | Үйеңкінің түбінен, үйіріп алған қобызым |
| 26 | Ұлттың генетикалық коды |
| 28 | Мәдени саясат тұжырымдамасы |
| 29 | Әзірет Сұлтан мешіті |
| 30 | Ақ боз ат – менің тұлпарым |
| 32 | Мегазвезда – в «Астане опера» |
| 33 | Бағыс Еуропа мен Америкада мұражай педагогикасының ғылым ретінде қалыптасу тарихы |
| 36 | История становления музейной педагогики как науки в западной Европе и Америке |
| 38 | «Әрэкспонатқа бір күнді арнап, халықты тартуға болады» |
| 40 | Абайдың қара сөзі |
| 41 | Бәйгетөбе Алтын адамы |
| 42 | Ғасырмен құрдас білім ұясы |
| 44 | Үш би ескерткіші |
| 45 | Бабаджа Хатун кесенесі (XI ғ.) |
| 46 | Текстиль – наследие великого шелкового пути |
| 48 | Наз би театрына 15 жыл |
| 50 | Мен бағындыратын биіктер әлі алда... |
| 53 | Жасыл әлем |
| 54 | Келбеті келіскен БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ САРАЙЫ |
| 56 | Өресі биік, өрісі кең өнер |
| 58 | «Астана Жұлдызы» нағыз жұлдызды анықтады |
| 59 | «Сахнадан сәлем» театр фестивалі |
| 60 | Ақын өлеңдері түрік тіліне аударылды |
| 60 | Шәмшінің әні шырқалды |
| 61 | Сарыарқада жұлдыздар сайрады |
| 61 | «Астана – арқау» түркі музыкасының фестивалі |
| 62 | «Мәңгілік ел – қазақ елінің ұлттық болашағы» атты кітап және поэзия мерекесі |
| 63 | Алаштың ақ ордасы – Астана |

Бас редактор – Әсем Сағиқызы

Тілшілер: Татьяна Казанцева, Гүлжамил Зайырова, Зылиха Салих, Сезім Жүсіпқызы, Аслан Есен, Әсем Сағидолла, Дмитрий Николаев, Мирэль Шарипова

Дизайнер: Раушан Танабаева

Фотограф: Болат Байсеитов, Ерсайын Болат



ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАСАМПАЗ ЖОЛЫ

немесе Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап-ақ, ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың барлық жасаған қызметі мен әлеуметтік-экономикалық реформалары тек халықтың игілігі үшін жұмсалып жатты. Мемлекет өмірінің сапасын жақсартуға бағытталған сол себептен бірқатар әлеуметтік-стратегиялық бағдарламалар жүйелі түрде жүзеге асырылып отырды. Осылайша барлық түйткілді мәселелерді шешу елбасының мойнына жүктеліп, халық таңдаған Президент үнемі халықпен бірге жүр.

Тағдырдың сыны мен қыл көпірінен сүрінбей өтуі үшін елбасының бар абыройымен атқарған еңбегі мен теңдесі жоқ қаһармандығы, даналығы кейінгі ұрпаққа аңыз болып жетер десек, артық айтқандай болмаспыз. Тарихта естен кетпес оқиғалар жасау да адамдардың ұлылығынан хабар беретініне еш күмән жоқ. Бір ғана мысал, елбасы өзі айтқандай тәуелсіздік туын тігуге қанишалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат қажат етілді. Сол себептен қолда бар тәуелсіздікті сақтап, халықтың бүгінгі тағдыры туралы ойлау президентіміздің бағы тайған қазақтың есесін қайтарып, қабырғалы ел етіп шығарғандығы жөнінде қанишама рет айтсақ та мақтауға тұрарлықтай.

Қазақта «тегінде бар тегі озар» деген жақсы сөз бар. Нұрсұлтан Әбішұлының арғы тегі батырлығы, қолбасшылығы мен билігі бар қайсар жандардың ұрпағы. Ел бостандығы үшін күресіп, өшпес із қалдырған қолбасшы Қарасай батыр, Қарасайұлы Көшек батыр, Назарбай би. Текті жерден шыққан ұрпақ тектілігін ғана көрсетеді. Қазақтың қанынан жаралған дара ұлдарының бірі

деп білеміз. Халықпен бірге тұрақты және тікелей байланысының арқасында оның бар ғұмырының бағыты мен мұрат-мақсаты айқындалып, болашақ үшін әлі күнге дейін күресіп келуінің бір себебі осы.

Халықтың қуатты қолдауы мен сеніміне ие болған президент Қазақстанды экономикасы дамыған, әлеуметтік кепілдіктері және қоғамдағы тұрақтылығы бар озық көшбасшы мемлекеттер қатарына шығарды. Өзінің озық идеяларының арқасында мемлекет игілігіне қажетті бастамаларын табысты атқарып келеді. Әсіресе, өңірлерге жасаған жұмыс сапарында Нұрсұлтан Назарбаев халықпен жүздесуге әрдайым уақыт табады. Әрбір қазақстандықтарға арнайы сауалдарын жолдаулары үшін арнайы тікелей эфирдегі бағдарламаларға да қатысып келеді.

Адамзат тарихында алдағы жылдарында не болатынын болжап және шешуші кезеңдерде талқыға түсетін мәселелермен айналысатын мемлекеттің саяси тұлғалары болады. Олар тек мемлекет мүддесі үшін жұмыс жасап, әлемдік аренада шығуға ғана талпынады. Ондай адамдарды біз «көшбасшылар» дейміз. Сол

көшбасшы мемлекеттің тірегі саналып, елдің дамуына бағыт-бағдар беріп отырады. Нұрсұлтан Әбішұлын сондай жандардың қатарынан көреміз. «Көшбасшының тылсым сыры» деректі фильмінде біз осыны байқадық. Оқиғалардың болмысын көре алған елбасы мемлекетті экономикалық дағдарыстан алып шығу үшін ресми сапарларынан кейін өз идеяларын жүзеге асыруға ұмтылды. Ұлыбритания мемлекетіне барған сапарында сол елдің дамуына байланысты арналған зерттеулері мен сценарийлері жайындағы кітапты сыйға алуы еліміздің дамуына қажетті бастаулардың негізі болды.

Болашақ саясаты адамды өзіне тартып, бауырмал ететін ең ұлы күш екенін сезінген президент Нұрсұлтан Әбішұлы сол саясаттың қыр-сырын меңгеріп, тамырын дөп басып тауып отырды. Халыққа келешекті болжаудың тиімді тәсілдерін ұсынған ол өз қолымен тұрғызу ұстанымымен өмір сүрді. Бұл елбасының тағы да көрегендігі, алдын-ала болашақты болжай білуі. Осы бағытта ағылшындар тәсілін қолдана отырып, стратегиялық бағдарламаларды жүзеге асыруда тынымсыз еңбек етуде. Жаңа Қазақстанды аяғынан тік тұрғызуда тек тиімді жоспар арқылы ғана жүзеге асыруды түсінген біздің көшбасшымыз ең алдымен мемлекетті алға сүйрелейтін білікті мамандар тартуды қолға алды. Оның үстіне жаңа мамандар дайындауда жүйелі жоспар орнықпайынша, елдің болашағы алға жылжуы мүкін емес болатын. Осындай сәттерде елбасы маңызды тапсырмалардың орындалуын қадағалап, жұмыстың тиянақты аяқталуын бақылауға алған еді. Сол себептен, стратегиялық зерттеу институты мен президент әкімшілігінде сараптама орталығын құру, білім беру саласында мамандарды дайындау жобасын жүзеге асыруды міндеттеді. Сондай-ақ, Нұрсұлтан Әбішұлы стратегиялық сараптамалар мен жобалар жүйесінің құрылып, елімізге шетелдерден мықты мамандардың

шақырылуын мұқият қадағалап отырды. Міне, осындай стратегиялық жоспарларының арқасында көшбасшымыз мемлекетімізді аяғынан тік тұрғызудың ең оңтайлы әдісін ұсынды.

Өзге мемлекеттің басшыларына қарағанда табанды жұмыстар атқаруды көздеген Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарын алға тартты. XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген ағылшын математигі Джон Ди мемлекетінің дамуына байланысты алдын-ала стратегиялық сценарий құрып кеткен екен. Яғни, стратегиялық болжаудың негізін құрған болатын. Дәл осындай елбасының жасаған стратегиялық жоспары еліміздің өркендетті мемлекеттер қатарына қосылуына зор септігін тигізді. Еліміздің иновациялық жетістіктері де стратегиялық жоспарларының негізінде жүзеге асырылды.

Тіпті, күрделі кезеңде астананы көшіру қадамы да барша елді таңқалдырды. Себебі, болашақты құрылымдау мен елдің көрсеткіші мемлекеттің жаңа келбетін айқындауға бағытталған еді. «Тарих толқынында» атты еңбегінде елбасы былай деді: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр». Ал «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында президент Нұрсұлтан Назарбаев Мәңгілік Ел идеясын ұсынды. Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялады.

Тәуелсіздік жылдарында осылайша Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттің берік іргетасы қаланды. Қазақстан мемлекеті әлемге танылды. Ал Қазақстан азаматтары үшін тұрақтылық пен татулықтың аясында өмір сүру дәстүрге айналды. Бұл көшбасшымыздың жасампаз жолының арқасында жүзеге асты деуге болады.

ЕЛБАСЫНЫҢ ДӘЙЕК СӨЗДЕРІ

Тәуелсіздік туралы

Тәуекелі тұратындардың ғана қолы жетпесе, Тәуелсіздік бола ма? Азаппен, арпалыспен келмесе, Азаттық бола ма? Оңайлықпен келсе, оның қадірі бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ма?

Тәуелсіздіктің қайта оралғаны — біздің ата-бабаларымыздың сангасырлық азаттық күресінің заңды өтеуі. Жаратқан Иенің жасаған әділдігі. Ата-бабаларымыздың осынишама байтақ жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалғанының арқасы.

Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар.

Әлемде егемен Қазақстан бар.

Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл — азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл — бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы.

Ел бірлігі - асыл қасиет

Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз.

Жаңа қоғамға өтудің, қуатты мемлекет құрудың негізгі тетігі — саяси тұрақтылық.

Бізді біріктіретін жеке бастың қамы емес, бізді ел туралы биік ұғымдар, ортақ мүдделер ғана біріктіре алады.

Егерде халықтың бірлігі болмаса, отансүйгіштік жанқиярлығы болмаса, бұл жер, қазақ деген халық, Қазақстан деген тәуелсіз ел де болмас еді.

Адам мен адамды, халық пен халықты, ел мен елді жақындастырар ең берік дәнекер — мүдде бірлігі.

Бірлігі жақсының тірлігі тапшы болмайды.

Ұлттық намыс - ұлы ұғым

Адамзаттың арманы — рухани бостандық пен сөз еркіндігі.

Ұлттық идея — идеология жәдігөйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады.

Менің ойымша, ең жақсы идеология — өмірдің өзінен туындайтын идеология.

Қоғамдық дамудың өзіндік ішкі заңдылықтары бар. Экономикада ертеңгі істі бүгін атқарып тастауға болар, бірақ саясатта ертеңгі істің ертең атқарылғаны жөн.

ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙ – ҰЛТ МҰРАТЫ

Ел тарихының абыройын асырып, ару Астананың ажарын ашатын ҚР Ұлттық музейі 74 мың шаршы метр аумақты алып жатыр. Аталмыш мұражайды ашу идеясын Елбасы 2008 жылы көтерген болатын. Араға алты жыл салып, іле-шала қолға алынған жоба осылайша халық игілігіне берілді. Ұлттық мұражайдың ашылу салтанатында Елбасы мұражайдың ұлттық рухымызды көтеру жағынан ғана емес, елімізді әлемге таныту тұрғысынан да белгілі болатынын тілге тиек етті.

Болашағы кемел, тарихи мұра саналар мұражайда болашақта сан мың жылдық құнды жәдігерлермен толықпақ. Бұл жағдай күн сайын ажарланып, көркейіп келе жатқан елорданың енді әлем туристеріне қазақ елі тарихының бай мұраларынан хабардар беріп тұруына себін тигізери анық. Мұражай көлемі жағынан әлем бойынша алғашқы ондыққа кіреді.

Рухани қазынамызға олжа салатын мұражайдағы қауіпсіздік, іштегі ауаны бақылайтын, биологиялық ахуалды, жарық-сәуле мөлшерін реттей алатын жүйелер - барлығы заманауи талаптарға сай орнатылған. Экспозициялық алаң 14 мың, ал мұражайлар ауқымы 5 мың шаршы метрден асса, музей ғимаратында сонымен бірге Ежелгі және орта ғасыр тарихы, Алтын, Этнография, Тарих, Тәуелсіз Қазақстан, Астана, Заманауи өнер залдарының экспозициялары орналасқан. Мақтан етуге лайықты ерлік пен елдіктің тарихынан сыр шертіп, мың жылдықтар қойнауынан бастау алатын қазақ шежіресі – адамзат тарихының ажырамас бөлігі екені сөзсіз. Бұл Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзі болатын.

– Біздің бабаларымыз Қиыр Шығыс пен Батыс Еуропаны, Сібір мен Үндістанның арасында 4-5 мың жыл бойы рөл атқарғанын біз тарихтан білеміз. Сақтар мен ғұндар дәуірінен бастау алып, Түрік қағанатымен жалғасқан Қазақ хандығымен және бүкіл Тәуелсіз Қазақстанның өткені, халқымыздың тұтастығы мен бірлігінің жылнамасы болып саналады. Мәңгілік еліміз барда Қазақтың тарихы да мәңгілік. Қазақстан тарихы музейінде жаңа Қазақстанның тарихына айырықша мән берілетін болады. Дәуірлерге лайық іс тындырған. 20 жылдан астам уақыт ел тарихында ең жасампаз кезең болып табылады. Кейінгі ұрпақ бүгінгі буын

жасаған ұлы істерді лайықты жалғастыратынына мен сенімдімін.

Сондай-ақ, мемлекет басшысы ел тарихының болашақта тың идеялар мен жарқын істермен жалғасын тауып, тарихи жәдігерлерімізді ұлықтап, ұрпаққа ұлағат етумен қатар, әрбір шетелдік қонаққа таныстыру керектігін алға тартты. Қазақстанның мемлекеттігі көне замандардан тамыр тартатынын таныту қажеттілігін де сөз арасында келтірген елбасы:

– Қазақстан ежелгі атақонысына ту тіккен жас мемлекет. Оның бүгінгі жетістіктерін жаһанға жарқырата түсу біздің ортақ парызымыз. Қазақтың тарихы бірігумен тұтастану тарихы. Бүгін жай ғана музей ашылып отырған жоқ, сан мың жылдық шежіре жазылатын Қазақстан тарихының жаңа беті ашылып отыр, – деді.

Елімізде соңғы кездері тамаша сәулет туындылары жайғасқан сымбаты заманауи талғамға сай мәдени мекемелер көбейіп келеді. Міне, сондай мәдени ошақтардың бірі ретінде жасалған Ұлттық музейдің сәні өзгеше дерлік. Көгілдір шынылар мен ұлттық ою-өрнектер бедерленген ақ түсті қабырғалардың сыртқы көрінісі көз жауын алады. Ал, алдыңғы жағына қарай орналасқан тамаша субұрқақ та мұражайға сән беріп тұр. Субұрқақтағы төрт сақ жауынгері аттарының басын төрт тарапқа бұрған. Кіре берісте қарсы алдыңыздан медиа-экран көріністері көрінсе, фойенің сол жағындағы Қазақстан картасы іспетті үлкен медиа-экран қойылған. Оның жоғары жағында: «Қазақстан: баянды ел, байтақ жер, бағаналы орда» деген Елбасы қағидасы жазулы. Мұражайдың төбесіндегі жиырма метрлік алып қыран құс қанатын кең сермеп, дархан елдің биікке самғай беруін айғақтайтындай. Бұдан сәл жоғары жүргенде сарқырама сыңғыры естіледі. Сұлу да әсем көріністерге көз жіберген мемлекет басшысы алдымен жиналған қауымға қала күніне орай Астана мен бүкіл Қазақстан тағы бір құнды сыйлыққа – Ұлттық музейге ие болғанын айтып өтті.

Ел мәдениетіндегі маңызды оқиғаға байланысты ҚР Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы музейдің ашылу салтанатына жиналған қауымды құттықтай отырып, былай деді:

– Осындай игі шараларды ашу адамзатты рухани байытады, жақындатады және халықтың мәдениетінен толық көрініс береді. ҚР Ұлттық музейінің ашылуы тарихта қалар, маңызы бар оқиға деп ойлаймын. Өткен заман ерекшелігінен сезінуге мүмкіндік беретін және естен кетпес сәт десек те болады. Біз өзіміздің дәстүрімізді, өнерімізді, жеткен жетістіктерімізді көрмелер арқылы, мұражайда болып жатқан үлкен көріністер арқылы дүниежүзіне жеткізе аламыз. Шетелден келген алдыңғы қатарлы мұражайдың басшылары осы мұражайға өздерінің жоғары базасын беруде.

Мемлекет қайраткері Мырзатай Жолдасбеков ҚР

Ал, Америка университеті жанындағы Катцен атындағы Өнер орталығының негізін қалаушы және директоры Джек Расмуссен де мұражай жайлы өзіндік пікірін білдірді.

– Ел мәдениетінің дамуына өзіндік үлесін қосатын осындай мәдени ошақтардың салынып, мақсатты түрде пайдалануы өте қажет деп санаймын. Себебі, жаңа мұражайдың қызметі Қазақстанның келешегін әлемге паш етуге арналмақ.

– Ирина Антонова, А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік бейнелеу өнері музейінің директоры /Ресей/:

– Музейге кіріп келген сәттен бастап, тамсана бастадым. Иіі сондай керемет өте кең. Ежелгі дәуірден бастап, осы күнгі заманнан сыр шертетін жәдігерлер бар екен. Тіпті түрлі елдердің, өзге құрлықтардың өнер туындылары да қамтылған.

Қазақ елінің тарихи көне жәдігерлерін халқымен қауыштыру ізгі шара екені даусыз. Сол себептен сол жәдігерлердің ізі ата тарихымызда сақталуы қажет-ақ. Дархан даламыз үшін жасар жарқын тірлігіміз ұлттық мұражайымызда мәдениетіміз бен өнерімізді, қала берді тарихымызды көрсететін мәдени ошақ болғалы тұр.

Осы мұражай арқылы елге келген меймандар ұлтты, оның тарихын таниды. Бұл белгілі жайт, әрине. Сәулеті керемет, ғимараты үлкен әрі әсем мұражайымыздың мемлекет тарихына маңыз берері сөзсіз. Қазіргі таңда кешеннің ішін бағалы экспонаттармен толтыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Оған қоса тарихи құндылық болып саналатын жеке коллекционерлер осы ұлттық музейдің қорына құнды заттарды тапсырып жатыр. Сондай-ақ, музей басшылығы Еуропаның, Ресейдің танымал мұражайларымен байланыс орнатуда.

Ұлттық музейдің ресми ашылуы еліміздің мәдени өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі десек те болады. Орталық Азияда баламасы жоқ бірегей жоба. Музей залдарында ұсынылған негізгі экспозициялардан басқа, қала күні мерекесіне орай Ұлттық музей әріптестерінің, атап айтқанда, Ресей этнографиялық музейі мен Мәскеу қаласының «РОСИЗО» Мемлекеттік музей-көрме орталығының, ҚР Суретшілер одағының көрмелері, Қазақстан қолөнершілерінің жәрмеңкесі, «19-20 ғасырлар тоғысындағы қазақтар» мұрағат суреттерінің көрмесі, Венгрия суретшісі Джудит Покс пен Ресей суретшісі Яна Волкованың киізден жасаған жұмыстарының фотокөрмесі, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері Сәуле Бапанованың «Сейхун толқындары» атты киізден жасалған киімдерінің жиынтығының көрсетілімі ұйымдастырылды.

Елбасы Ұлттық музей ғимаратында халықтың өткені, қазіргісі және болашағының терең символизмі бейнеленгенін айта келе былай деді:

Ұлттық музейінің тұжырымдамасын жазған авторларының бірі. Ол да жаңа мұражайдың ашылуына байланысты өз ойын ортаға салды.

– Адамзат тарихында ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында әлемде арманына жеткен ешбір қазақстандай мемлекет жоқ. Қазіргі күнімізге тәубе деуіміз керек. Құшағын кең жайған, қанатын тербеген Астана аздаған жылдар арасында сұлу да әсем қалалардың біріне айналды. Елбасына осындай игі бастамаларды жасау үшін де батылдық, үлкен жүрек керек болды. Себебі, болашаққа бетбұрыс жасау қиынның қиыны еді. Енді міне, қазақтың келешегін айқындап, бұрынғы тарихын баяндайтын жаңа мұражайдың ашылғанына куә болып отырмыз. Аңызға айналатын тарихи тәуелсіздігімізді дұрыс насихаттап, әлемге көрсете алу үшін осындай мұражайлар бізде болуға тиісті. Ал, 2050 жылы Қазақстан оза дамыған отыз елдің қатарынан табыла берсін дегім келеді.

Мұражайдың ашылуына шетелдерден де біршама қонақтар келген болатын. Солардың арасында Қытайдан келген мейманымыз Чен Сие Джун Шанхай музейінің директоры, шанхай мәдени жәдігерлер басқармасы директорының орынбасары қызметін атқарады екен. Өз ойымен бөліскен ол Қазақстанға бірінші рет келгенін де айтып өтті.

– Қазақстанда жаңадан ашылған бұл мұражай маған қатты ұнады. Осындай мұражайдың ашылуына қатысу мен үшін үлкен мәртебе. Мұражайдың құрылысы мен сәулеттілігі жағынан ешбір музейлерге ұқсамайтыны мені қатты таң қалдырды. Өткен ғасырдағы Ұлы Жібек жолы оқиғасымен байланыстары болғандықтан Қазақстан мен Қытай елдерінің мәдениеті бір-біріне ұқсайды. Қазақстан еліне бірінші рет келіп тұрсам да, өз елімде жүргендей сезіндім.

– Бұл – ашықтық, дәстүрге адалдық және инновацияға ұмтылыс. Сәулеткерлік шешімде мәңгілік классика мен креативті модерн синтезі айшықталған. Бұл тарихи дәуірлердің сабақтастығын айрықша таныта түседі.

Сонымен мұражай ашу арқылы экономика дамуының жоғары қарқынын көрсеткен қазақстандықтар әлеуметтік әл-ауқаттың артқанын да байқатты. Оған қоса, халықаралық беделіміз нығая түсіп, бабаларымыздың біртұтас, қуатты және әлемде сыйлы мемлекет болу турасындағы сан ғасырлық арманын жүзеге асырдық. Тарихи миссиямызды да лайықты атқарып келеміз. Бұл жөнінде елбасы өз сөзінде қадап айтты. Жаңа музейдің тарихты таныту және еліміз туралы терең білімді сіңіру орталығына ғана емес, белгілі мәдени және ғылыми мекемеге айналатынына да сенім білдірді.

Ғылыми орталыққа айналар ұлттық музей Қазақстанның даму жолындағы ілгері жетістіктерін танытары сөзсіз. Оның архитектуралық өлшемі жайында сөз қозғар болсақ, Ресейдің Эрмитажымен, Францияның Луврымен, Американың Метрополитен музейімен бірге әлемнің ірі экспозициялары ондығының қатарына енді. Музей құрылысы «Қазмұнайгаз» АҚ бөлген қаражат есебінен жүргізілген. Бас мердігер – «Базис Проект LTD», дизайн жобаны оңүстік корейлік «Design be Art» компаниясы отандық дизайнерлермен бірлесіп жүзеге асырған. Ал, құрылыс жұмыстарының бас мердігері – түркиялық «Turkiaz Construction» ЖШС компаниясы болып табылады.

Музейдің ресми ашылуынан соң Елбасы Түркістаннан арнайы әкелінген қыш кітапқа «Рухы биік халықтың іргесі берік», деген тілегін жазып қалдырды. Қашанда рухымыз биік, бірлігіміз бекем болғай!

Қадірлі оқырман қауым!



Өздеріңізге белгілі 6 шілде Астана күні мерекесіне орай салтанатты іс-шаралар өткізіліп келеді. Мереке қарсаңында қаламызда жаңа нысандар бой көтеріп, елорданың мәдени өмірі қыза түсті. Бұған дәлел ел тарихының абыройын асырып, ару Астананың ажарын ашатын ҚР Ұлттық музейінің ашылуы еді. 74 мың шаршы метр аумақты алып жатқан Ұлттық музейді ашу идеясын Елбасы 2008 жылы көтерген болатын. Соңынан алты жыл өтісімен қолға алынған жоба халық игілігіне берілді. Ұлттық мұражайдың ашылу салтанатында Елбасының сөйлеген сөзі мен жалпы музей жайлы ақпаратты журналымызда жарияланған «Ұлттық музей — ұлт мұраты» атты мақаладан оқи аласыздар. Ал, елбасының мемлекет мүддесі үшін еңбек етіп, әлемдік ареналарға шығуға талпынған көшбасшылық қызметі мен саяси тұлғасын елбасы туралы жазылған «Елбасының жасампаз жолы» атты мақалада оқуға болады.

Елорданың туған күніне орай жағымды жаңалықтар легі толастар емес. Астананың төрінде әлемге әйгілі Ла Скала театрының «Дон Кихот» пен «Astana Ballet» хореографиялық ұжымының «Әлем» атты

бір актілі балетінің сахна көрермендеріне жол тартуы еді. Сонымен қатар, журналымызда еліміздің мәдениетін жаңғыртып, оның кеңістігін дамытудың жолдарын қарастыруға байланысты мәдени саясат Тұжырымдамасын талқылауға байланысты, елордада өткізілген көрмелер мен концерттік бағдарламалар және т.б. мәдениет, өнер, мұражайға қатысты мақалаларды оқып, кеңінен танысуға мүмкіндік бар.

Астанада ең маңызды оқиғалардың бірі ретінде саналатын ҚР ЮНЕСКО-мен бірлесе ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияларының Бірінші өңіраралық жиналысы өткізілді. Комиссияның отырысында әлеуетті өрістету, ынтымақтастықты нығайту мен таңдаулы тәжірибелерді ілгерілету және т.б. мәселелер көтерілді.

Еліміздің жүрегі Астананың әлеуметтік, экономикалық, саяси маңызы бар шаһардың тәуелсіздіктің рухани тұғыры ретінде елге, жерге, еңбекке деген ұлы сезімін ұлғайта түсуде. Астана бірлігіміз бен тірлігіміздің символы болып қалыптасар, ұлтымыздың, мемлекетіміздің мызғымас тақ-тұғырына айналғай! Әлемдік даму үрдісімен елдің жаңа жобасының алтын ордасы, жайқалған жасыл бағы бола бергей!

Ардақты ағайын!

Баршаңызды мұсылмандардың діни мерекесі Ораза айтымен құттықтаймын! Ұлы тәңірдің адамзат баласы үшін бекіткен діни мерекедегі дұғаларымыз қабыл болып, ораза айты мүбәрәк болсын!

Құрметпен,
Әсем САҒИҚЫЗЫ

ЮНЕСКО ИДЕЯСЫ

22-24 шілде аралығында Астана қаласында ЮНЕСКО-мен бірлесе ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияларының Бірінші өңіраралық кеңесі өткізілді. Аталған іс-шара алғашқы рет әлеуетті өрістетуге, ынтымақтастықты нығайту және Ұлттық комиссиялардың таңдаулы тәжірибесін ілгерілету жөніндегі жалпы кеңестер өткізу үшін ЮНЕСКО штаб-пәтерінен тыс әлемнің барлық өңірінің Ұлттық комиссияларын біріктіреді.

Форумға қатысуға келген 120 мемлекеттен делегаттардың келуі елімізді танытуға тағы бір серпін беріп отыр. Кез-келген мемлекет экономикасы арқылы емес, мәдениеті арқылы дамитынын осыдан-ақ байқасақ болады.

Іс-шара жұмысына ЮНЕСКО-ның барлық бес өңірлік топтарынан (Араб мемлекеттері, Азия және Тынық мұхиты, Еуропа және Солтүстік Америка, Латын Америкасы және Кариб бассейні) өкілдік ететін Ұлттық комиссияларының өкілдері келді. Ал бақылаушылары ретінде ЮНЕСКО-ның халықаралық серіктестік ұйымдары — АЛЕКСО, ОАЭХИ, ТҮРІКСОЙ өкілдері де бар.

ЮНЕСКО Хатшылығы тарапынан сегіз өкілдерден тұратын делегациясының Сыртқы байланыстар мен қоғамдық ақпарат жөніндегі ЮНЕСКО Бас директорының орынбасары Эрик Фальт басқарды. Осы жиында сөз алған ҚР Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы былай деді:

— БҰҰ 2012 жылғы ассамблеясында елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы дүниежүзілік мәдениет бірлестігін жариялаған болатын. Осы бірлестіктің негізінде осы өтіп жатқан ЮНЕСКО форумының маңызы зор. Тарихи маңыздылығы жойылмаған еліміздің шағын қалашықтары ЮНЕСКО-ның тізіміне кірді. Әрі қарай ЮНЕСКО-ның тарапынан қолдауға ие болады. ЮНЕСКО-ның құрамына енуі үшін

міндетті түрде талаптар қойылады. Онда тарихи маңызы және сақталуы бар құнды дүниелер болуы шарт. Мәдени шаралар мен мәдени туризмнің дамуының арқасында Қазақстан барша әлемге танылады. Тарихи нысандардың ішінен кірген Тарас өңіріндегі Ақыртас кешені ерекше орындардың бірі. Біздің алға қойған мақсатымыз тарихи маңызы бар орындарды әрі қарай дамытуымыз керек. Әлемдегі осылайша заңдылық мәдени туризмнің дамуына еліміздің келешегіне себін тигізбек. Ұлы Жібек жолы да ЮНЕСКО-ның әлемдік мәдени мұрасының тізіміне еніп отыр.

Сондай-ақ, іс-шараға ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ҚР Ұлттық Комиссиясының мүшелері, соның ішінде, еліміздің министрліктері мен ведомстваларының басшылары, «Спорт саласы бойынша ЮНЕСКО-ның Ізгі ерік елісі» С.Сәпиев, Ұлттық комиссия жанынан әрекет ететін ұлттық комитеттердің, кафедраларының, клубтары мен ЮНЕСКО қоғамдастық мектептерінің басшылары, сондай-ақ, еліміздің белгілі ғалымдары, мәдениет және өнер қайраткерлері аталмыш жиынға қатысты.

Әсел Өтегенова,

ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссияның бас хатшысы:

— 2011 жылдан бастап Ұлттық комиссия көптеген маңызды жиындарды өткізіп келеді. Келер жылғы сессия Ұлыбританияның Ұлттық Комиссиясының жоспарларында көрсетілген мәселелерге байланысты болады. Өткен жылы олар толық ЮНЕСКО-ның барлық қызметі мен міндеттеріне толықтай сараптама жасаған болатын. Бұндай бағытта жұмыс жасау мемлекеттің экономикасына едәуір әсер етті. Сол себептен, ЮНЕСКО-ның құрамына енген мәдени ескерткіштер мемлекеттің мәдени туризміне және экономикасына бірден ықпал етеді. Британдықтардың қорытындысы бойынша ЮНЕСКО-ға беретін фунтының әрқайсысына 10 фунт алады. Бұл жерде мемлекеттің экономикалық та, қаржылық та қызметтерге әсері болмайды. Үстіміздегі жылдың тамыз айында ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссия осындай жұмыстардың негізінде өтініш жасағалы отыр. Мемлекеттің мәдени институттары мен мәдениет саласында жұмыс жасайтын мекемелерінің

әлеуетін арттырып, шетелдік туристерді тарту үшін әлемдік тәжірибелерге сүйену бізге осылайша өте қажет. Қазір осы мәселе бойынша біз жоспардың әдістемесін үйреніп жатырмыз.

Кеңес аясында сегіз қазақстандық объектілердің (Алматы облысындағы Қаялық, Қарамерген, Талғар және Жамбыл облыстарындағы Ақтөбе, Степнинское, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек) Қырғызстан және Қытай тараптарымен бірге дайындалған «Ұлы Жібек жолы: Жібек жолының бастапқы бөлігі, Тянь-Шань дәлізі бағыттарының жүйесі» жөніндегі сериялық трансшекаралық номинациясының ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілуіне, сонымен қатар, екі қазақстандық табиғи резерваттардың «Қатон-Қарағай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мен «Ақжайық» биосфералық аумағының ЮНЕСКО Бүкіләлемдік биосфералық резерваттар жүйесіне енгізілуіне байланысты арнайы сертификаттарды табысталды.

Шигеру Аояги,

ЮНЕСКО-ның Нью-Делидегі кеңсесінің директоры:

— ЮНЕСКО-ның қызметін одан әрі дамыта түсу үшін көптеген елдермен ауқымды жұмыстарды атқарып келеміз. ЮНЕСКО-ның хатшылығы мен Ұлттық Комиссияның мақсаты бір. Демографияны қалыптастыруға, кедейлік мәселелер мен қақтығыстарды шешу әр мемлекеттің ауқымды мәселелері болып саналады. Сондай-ақ, бұл ЮНЕСКО-ның да мәселесі боп қалмақ.

Әлібек Асқаров,

жазушы, ҚР Ұлттық кітапханасының бас директоры, ҚР ЮНЕСКО және ИЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссияның тұрақты өкілі:

— ЮНЕСКО-ның Қазақстан мемлекетіне осыншалықты назар аударуы өте қуанарлық жайт. Әлемдік сахнада еліміздің беделінің биіктей бастағанының тағы бір көрінісі. Қазақ халқының рухани мұрасын әлемдік деңгейде таныту үшін Париждегі штаб-пәтеріне тіркетуіміз керек. Шынтуайтына келгенде, осындай басқосулар мемлекетімізді Парижге біртабан жақындата түседі.

Тілеуғали Қышқайбаев,

Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайының директоры:

— ЮНЕСКО-ның бір тиімділігі жер-жерлердің мәдениетімен танысу. Шетелдерден келген қонақтарымыз біздің халқымыздың мәдениетімен және ел жүрегі елордамен танысып отыр.

Жиналыс барысында ЮНЕСКО Бас директоры Ирина Бокованың иешіміне сәйкес Астана қаласының әкімі И.Тасмағамбетовтің ЮНЕСКО мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың нығайуына, сондай-ақ, Ұлы Жібек жолы мұрасын сақтауға аса көрнекті үлес қосқаны үшін Ұлттық комиссиясының экс-Төрағасын Ұйымның құрметті медалімен марапаттаған болатын.

ЮНЕСКО форумының соңында сөз алған ҚР Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы ЮНЕСКО-ның әріптестік пен ынтымақтастықтың арқасында жетістікке жету көзделгенін айтып өтті.

— Жоғары деңгейде өткізілген бұл кездесуде ғылым, мәдениет, білім және спорт мәселелерінің ауқымды талқылануына және мемлекетіміздің өркендеуіне жол ашты. Сондай-ақ, осы кеңесте көтерілген барлық мәселелер иешімін табады деген ойдамыз.

Ал, Эрик Фальт форумның делегаттарына және Қазақстанның қонақжайлылығына алғысын білдірді.

Жиналыстың мәдени бағдарламасының шеңберінде екі көрме, халық шығармашылығының концерті, экскурсиялар мен «Астана аясындағы мыңжылдық» Көшпенділер өркениетінің фестивалі тамашаланды.

Аслан ЕСЕН

ИДЕАЛЫ ЮНЕСКО КАК ВЕЧНАЯ ЦЕННОСТЬ

ЮНЕСКО признает ключевую роль Казахстана в межрелигиозном и межкультурном диалоге. Астана стала свидетелем еще одного яркого исторического события. Здесь прошло пленарное заседание первого межрегионального совещания Национальных комиссий по делам ЮНЕСКО.

Впервые столь представительный форум выбрал площадкой для диалога не штаб-квартиру этой организации, а столицу Казахстана. Среди участников встречи были представители 130 стран мира. Все они делегированы их пяти региональных групп ЮНЕСКО — из Арабских государств, Африки, Азии и Тихого океана, Европы и Северной и Латинской Америки, также Карибского бассейна.

Свое приветственное обращение к делегатам форума адресовал Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев. Его озвучил с трибуны Государственный секретарь страны Адильбек Джаксыбеков.

— Всех нас объединяет забота о мире на нашей планете, стремление к высоким стандартам, научному прогрессу, устойчивому развитию. Для Казахстана, на территории которого мирно проживает более 130 этносов, особенно близка деятельность ЮНЕСКО, направленная на укрепление межкультурного, междивизиационного и межрегионального диалога, — говорится в приветственной речи Главы государства.

Наряду с этим, Президент РК делает акцент на том, что «со своей стороны Казахстан прикладывает все возможные усилия в продвижении ценностей ЮНЕСКО, принципов толерантности и идей нового гуманизма».

— Казахстан выдвинул целый ряд глобальных инициатив, включая международный год и международное десятилетие сближения культур. Астана также стала местом проведения Съездов лидеров мировых и традиционных религий, — говорится в приветствии.

Помимо всего, Нурсултан Назарбаев обратил внимание участников форума на тот факт, что «сегодня популяризация идеалов ЮНЕСКО требует постоянных усилий со стороны стран-членов организации и полноценного использования такого уникального инструмента сотрудничества, как национальные комиссии по делам ЮНЕСКО».

— Убежден, что проведение первого межрегионального совещания станет важным шагом на пути укрепления партнерства, — говорится в приветственной речи Президента РК.

Далее Глава государства в своем обращении пожелал всем плодотворной работы и «успехов в продвижении благородных целей мира и согласия».

Поприветствовала участников заседания своим видеообращением и Генеральный директор ЮНЕСКО Ирина Бокова. Она отметила огромную роль Казахстана в продвижении идеалов ЮНЕСКО.

А в своем выступлении заместитель генерального директора ЮНЕСКО Эрик Фальт признал, что у Казахстана ведущая роль в продвижении межкультурного диалога.

— Позвольте мне поблагодарить Казахстан за его значительные усилия в миссии ЮНЕСКО, за его огромное культурное наследие и разнообразие. И разрешите признать центральную роль, которую играет Казахстан в обеспечении стратегической структуры для международного сообщества по продвижению межкультурного и межрелигиозного диалога. Ваша страна является одним из лидеров этого процесса, — констатировала Фальт.

Затем он выполнил приятную миссию — наградил медалью ЮНЕСКО «Шелковый путь» акима Астаны Имангали Тасмагамбетова. И, конечно, это по заслугам. Ведь столичный градоначальник более двух

десятков лет стоял во главе Нацкомиссии Казахстана в этой организации.

Аким столицы поблагодарил за высокую награду.

— Это высокая оценка не только моего труда, но и всех коллег, кто вложил свой профессионализм и душу в реализацию миссии ЮНЕСКО, - сказал глава Астаны Тасмагамбетов, сделав акцент на том, что «для нас большая честь принимать столь авторитетный международный форум».

— Выбор астанинской диалоговой площадки — это показатель большого доверия со стороны ЮНЕСКО к Казахстану, Главе нашего государства Нурсултану Назарбаеву, - отметил аким.

Также он не преминул заметить, что ЮНЕСКО всегда с особым вниманием относилась к международным инициативам Казахстана.

